

Қазақстан Республикасының Үкіметі
(Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі)Қазақстан Республикасы
Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 5
наурыз № 281Правительство Республики Казахстан
(Премьер-Министр РК)

**Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға,
теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен
стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық
және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ
оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен
өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды
тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларын бекіту туралы**

*Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 24.04.2013 № 395
қаулысымен (24.04.2013 бастап қолданысқа енгізіледі).*

*Ескерту. Тақырыбы және мәтініне өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің
03.07.2002 N 717 қаулысымен.*

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылымы туралы" 1993
жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының
ережелеріне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының аумағындағы
әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына,
метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-
географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру,
сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау
мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды
тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидалары бекітілсін.

*Ескерту. Кіріспеге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 24.04.2013 № 395
қаулысымен (24.04.2013 бастап қолданысқа енгізіледі).*



Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 5 наурыздағы
№ 281 қаулысымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға,
теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен
стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық
және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ
оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен
өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды
тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидалары**

*Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 24.04.2013 № 395
қаулысымен (24.04.2013 бастап қолданысқа енгізіледі).*

1-тарау. Жалпы ережелер

*Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің
26.10.2018 № 690 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн
өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

1. Осы Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 3) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге (бұдан әрі – объектілер) атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту

және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру тәртібін айқындайды.

2. Объектілерге атау беру және оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімдерін беру кезінде мынадай талаптар ескерілуге тиіс:

- 1) тарихи, географиялық, табиғи және мәдени ерекшеліктерді ескеру;
- 2) әдеби тіл нормаларына сәйкестік;
- 3) жеке адамның есімімен аталған, ол берілген (өзгертілген) күннен бастап кемінде он жыл өткен соң берілген есімді қайта атау, оны өзгерту;
- 4) аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлерінің, ғылым, мәдениет қайраткерлерінің және Қазақстан Республикасы мен әлемдік қоғамдастық алдында еңбек сіңірген басқа да адамдардың есімдерін беру;
- 5) бір әкімшілік-аумақтық бірліктің шегіндегі елді мекендерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне бір атауды бір мәрте ғана беру.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 20.06.2017 № 380 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

2-тарау. Объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімдерін беру тәртібі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 26.10.2018 № 690 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру үшін тілдерді дамыту саласындағы уәкілетті органға (бұдан әрі – уәкілетті орган) мынадай құжаттар ұсынылады:

- 1) орталық мемлекеттік органдар, облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарының өтінішхаты:

2) орталық мемлекеттік органдардың қарамағындағы объектілерді қоспағанда, объектілерге атау беру және оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімдерін беру туралы облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті өкілді және атқарушы органдарының бірлескен шешімі;

3) физикалық-географиялық объектілерді қоспағанда, объектілерге атау беру және оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру бойынша заңды тұлғаның ұжымы өткізген жиналыстың хаттамасы;

4) физикалық-географиялық объектілерді қоспағанда, объектіге атау беру және оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру бойынша объектінің бірінші басшысының ұсыныс хаты;

5) объектілерге атау беру және оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту туралы анықтамалық материалдар (мәліметтер, архивтік және басқа да деректер);

6) анықтамалық материалдар қоса берілген, осы Қағидалардың 2-тармағы 3) және 4) тармақшаларының талаптарын ескере отырып, объектіге, мемлекеттік заңды тұлғаға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаға есімін беру (қайта атау) ұсынылатын тұлғаның өмірбаян деректері;

7) объектіге атау беру және қайта атау, сондай-ақ оның атауының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру бойынша қаржыландыру көздері туралы мәліметтер.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.02.2018 № 66 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді – ҚР Үкіметінің 26.10.2018 № 690 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

4. Уәкілетті орган он жұмыс күні ішінде тиісті құжаттарды Республикалық ономастика комиссиясының (бұдан әрі – Комиссия) қарауына жолдайды.

5. Комиссия келіп түскен құжаттарды қарағаннан кейін он жұмыс күні ішінде уәкілетті органға объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру жөніндегі қорытынды (бұдан әрі – қорытынды) жолдайды.

6. Уәкілетті орган үш жұмыс күні ішінде Комиссия қорытындыларын орталық мемлекеттік органдарға, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарына жолдайды.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 26.10.2018 № 690 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

7. Комиссияның оң қорытындысын алған жағдайда орталық мемлекеттік органдар, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары Комиссия қорытындысын қоса бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметіне объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және объектілерге, мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру жөніндегі қаулы жобасын енгізеді.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 26.10.2018 № 690 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

8. Объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру Комиссия қорытындысының негізінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен жүзеге асырылады.